

Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 54 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 14 қаңтарда № 3985 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 2013 жылғы 6 желтоқсандағы № 126 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 06.12.2013 № 126 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес Сарыкөл аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Әлеуметтік көмек көрсетілсін:

1) табысы аз отбасылардың тұлғаларына кәмелетке толмаған балаларын жерлеуге, біржолғы, 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Әлеуметтік көмек өтініш берушіге, егер ата-ананың біреуі немесе басқа заңды өкілі бала қайтыс болған күні "Сарыкөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган) жұмыссыз ретінде тіркелген болса тағайындалады және төленеді;

2) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Қостанай облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар отбасылардың жастарына, техникалық, кәсіби, орта білімнен кейінгі және жоғары білімді алуға байланысты шығындарды өтеу үшін, мемлекеттік білім беру гранттарының иелері болып табылатын тұлғаларды, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен өзге төлемдер алушыларды есептемегенде, білім беру ұйымына нақты шығындар бойынша оқуға төлеуге. Жылына бір рет, тұтынушының өтініш жасаған фактісі бойынша көрсетіледі;

3) мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратындарға, қосымша тамақтануға, табыстарын есепке алмай, біржолғы, 15 айлық есептік көрсеткіш

м ө л ш е р і н д е ;

4) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Қостанай облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары, отбасылардың тұлғаларына, қайтыс болған туыстарын жерлеуге, егер қайтыс болған күні жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген болса, біржолғы, 15 айлық есептік көрсеткіш м ө л ш е р і н д е ;

5) барлық санаттағы мүгедектерге, нақты шығындар бойынша жедел емделуге, табыстарын есепке алмай, біржолғы, бірақ 50 айлық есептік көрсеткіштен көп емес ;

6) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс Күніне орай, біржолғы, 25 айлық есептік көрсеткіш м ө л ш е р і н д е ;

7) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға, сондай-ақ, соғысқа қатысушыларға жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғалардың басқа да санаттарына, Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне орай, біржолғы, 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

8) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Қостанай облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар отбасылардың тұлғаларына, тұрмыстық қажеттіліктерге, біржолғы, 7 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

9) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, тұрмыстық қажеттіліктерге, табыстарын есепке алмай, ай сайын, 6 айлық есептік көрсеткіш м ө л ш е р і н д е ;

10) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға, сондай-ақ, соғысқа қатысушыларға жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғалардың басқа да санаттарына, тұрмыстық қажеттіліктерге, табыстарын есепке алмай, біржолғы, 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

11) барлық санаттағы мүгедектерге, шипажай немесе оңалту орталықтарына жол жүруге байланысты шығындарды өтеу үшін, нақты шығындар бойынша, табыстарын есепке алмай, біржолғы ;

12) 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдарға, Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс Күніне орай, бір жолғы, 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде .

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 10.04.2013 № 78 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес анықталсын.

3. Аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 1 ақпандағы № 12 "Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-17-133 тіркелген, 2012 жылғы 1 наурыздағы № 10 "Сарыкөл" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезекті сессияның төрайымы

Б. Шоқаева

Аудандық мәслихатының хатшысы

А. Қарашолақов

КЕЛІСІЛДІ:

"Сарыкөл ауданы әкімдігінің
жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ С. Молдабеков

Мәслихаттың

2012 жылғы 21 желтоқсандағы

№ 54 шешіміне қосымша

"Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізбесі

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 10.04.2013 № 78 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Міндетті құжаттар:

- 1) әлеуметтік көмекке өтініш жасаған тұтынушының өтініші;
- 2) алушының жеке басын куәландыратын құжат, ал кәметке толмаған алушылар үшін – туу туралы куәлік;
- 3) алушының тұратын жері бойынша тіркеуді растайтын құжат;

4) алынып тасталды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 01.04.2013 № 71 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).;

5) алушының банктік шоты болуын растайтын құжат;

б) алушының заңды өкілі өтініш жасаған кезде, жеке басын куәландыратын құжат, және заңды өкілдің өкілеттілігін растайтын құжат қоса беріледі.

2. Қ о с ы м ш а құ ж а т т а р :

1) табысы аз отбасылардың тұлғаларына кәмелетке толмаған балаларын ж е р л е у г е :

өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанға, тұлғаның (отбасының) табыстары туралы мәліметтер;
қайтыс болуы туралы куәлік;

2) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Қостанай облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар отбасылардың жастарына, техникалық, кәсіби, орта білімнен кейінгі және жоғары білімді алуға байланысты шығындарды өтеу үшін:

өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанға алушының (отбасының) табыстары туралы мәліметтер;

тиісті оқу орнымен берілген, оқу жылына оқу төлемінің мөлшері мен оқу орнын растайтын құжат;
оқу төлемін растайтын құжат;

3) мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын тұлғаларға, табыстарын есепке алмай, қосымша тамақтануға:

емделуде болғанын растайтын, тиісті медициналық ұйымнан анықтама;

4) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Қостанай облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар, отбасылардың тұлғаларына, қайтыс болған туыстарын жерлеуге, егер қайтыс болған күні жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген болса:

өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанға, тұлғаның (отбасының) табыстары туралы мәліметтер;
қайтыс болуы туралы куәлік;
туыстық қатынастарды растайтын құжат;

5) барлық санаттағы мүгедектерге, нақты шығындар бойынша жедел емделуге, табыстарын есепке алмай:

алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат;
жедел емделудің нақты шығындарын растайтын құжат;
медициналық мекемеде жедел емделуден өткенді растайтын құжат;

6) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс Күніне орай:

егер аталған азамат уәкілетті органда есепте тұрмаған жағдайда, алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат;

7) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға, сондай-ақ, соғысқа қатысушыларға жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғалардың басқа да санаттарына, Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне орай: алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат;

8) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Қостанай облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар отбасылардың тұлғаларына, тұрмыстық қажеттіліктерге: өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанға тұлғаның (отбасының) табыстары туралы мәліметтер;

9) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, тұрмыстық қажеттіліктерге, табыстарын есепке алмай: алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат;

10) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға, сондай-ақ, соғысқа қатысушыларға жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғалардың басқа да санаттарына, тұрмыстық қажеттіліктерге, табыстарын есепке алмай: егер аталған азамат уәкілетті органда есепте тұрмаған жағдайда, алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат;

11) барлық санаттағы мүгедектерге, шипажай немесе оңалту орталықтарына жол жүруге байланысты шығындарды өтеу үшін, нақты шығындар бойынша, табыстарын есепке алмай:

алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат;
жеке оңалту бағдарламасы;

жол жүру шығындарын растайтын құжат;

мүгедектің шипажай немесе оңалту орталығында болуын растайтын құжат;

12) 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдарға:

алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат.

3. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқа мен көшірмелерде ұсынылады, содан соң құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге өтініш берген күні қайтарылды.

4. Осы шешімнің 1-тармағының 1) және 4) тармақшаларымен қарастырылған жағдайда, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган жұмыссыз ретінде тіркелуін тексереді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК